

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1761 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 111 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы N 197 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы N 197 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 511-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Консулдық алымдардың ең төменгі және барынша жоғары базалық ставкаларының мөлшерлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1761 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 49-50, 593-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Консулдық алымдардың ең төменгі және барынша жоғары базалық ставкаларының мөлшерлері:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 16-1-жолмен толықтырылсын:

"16-1 Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде шетелдіктердің асырап алуына берілген Қазақстан

Республикасының азаматтарын-балаларын

консулдық есепке алу:

есепке алу 500 % аек

есептен шығару тегін";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 29-1-жолмен толықтырылсын:

"29-1 Апостиль қою үшін құжаттарды қабылдау және одан әрі жолдау (әрбір құжат үшін) 5-50 АҚШ доллары".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап екі ай өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі